

Анықтама

№14 жалпы орта білім беретін мектебінде 2023-2024 оқу жылының 1 ақпан күні «Жарқын болашақ иесі – бүгінгі жас маман» жас мамандардың апталығының аясында, 7 а сыныбына сыныптан тыс шара «Қызық екен...» атты викториналық сайыс өткізілді. Сайысқа 7а сыныбының қыздары және ұлдары болып бөлініп 2 адамнан тұратын 2 топ қатысты. «Қыздар» және «Ұлдар» тобы болды. Сайыстың мақсаты оқушылардың сұрақтарға шапшаң әрі нақты жауап беруге үйрету. Викториналық сайыс негізгі 3 кезеңнен тұрды. Бірінші кезең таныстыру. Екінші «Кім тапқыр?» кезеңі. Бұл кезеңде топтарға логикалық қызықты және информатика пәніне қатысты сұрақтар қойылды. Үшінші «Полиглот» кезеңі. Бұл кезеңде топтарға қызықты жұмбақтар қойылып, жауабы үш тілде, яғни қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде айтылды. Викториналық сайыс қызықты әрі тартысты өтті. Оқушылар викториналық сайыста білімдерін толықтыра түсті және шапшаңдыққа, әрі аз уақыт ішінде нақты ойын жинақтауға үйренді. Қорытындылай келе, ең көп ұпайды «Қыздар» тобы жинап, жеңіске жетті.



«№14 жалпы орта білім беретін мектебі»

«Қызық екен...» викториналық сайыс

2023-2024 оқу жылы

Тақырыбы: «Қызық екен» викториналық сайыс

Мақсаты: Пәнге деген қызығушылығын арттыру, ойлау қабілеттерін дамыту. Қызықты деректермен білімдерін толықтыру. Ұжыммен жұмыс жасауға бейімдеу. Алған білімдерін өмірде кеңінен қолдана білуге тәрбиелеу.

Түрі: сайыс

Көрнекілігі: слайдтар,

Жүрісі:

- Армысыздар құрметті ұстаздар және оқушылар! «Жарқын болашақ иесі – бүгінгі жас маман» жас мамандардың апталығының аясында, 7 а сыныбына «Қызық екен...» атты викториналық сайысына қош келдіңіздер! Бүгінгі білім сайысына 7 а сыныбынан құралған топтар білімдерін сынамақ. Олай болса қатысушыларды таныстырып өтейін:

1 топ «Қыздар»

2 топ «Ұлдар»

Сайысымызды бастамас бұрын ойын шарттарымен таныс болайық:

I кезең «Таныстыру»

II кезең «Кім тапқыр?»

III кезең «Полиглот»

Әрбір дұрыс жауап топтарыңызға 100 ұпай береді, сондықтан өз белсенділігіміз бен шапшаңдығымызды көрсетіп, ұпайларды қанжығамызға байлайық. Ендеше сайысымызды бастайық, барлық қатысушыларға сәттілік!

I кезеңде топтар өздерін таныстыраду

II кезең «Кім тапқыр?». Бұл кезеңде топтарға логикалық және информатика пәніне қатысты сұрақтар қойылады. Барлығы 13 сұрақ кезекпен – кезек сұрақ қойылады, соңғы сұрақ екі топқа ортақ. Әр дұрыс жауапқа 100 ұпай, әр сұрақтың астында 3 бонус бар «Ұпайды екі еселеу», «50/50», «Уақыт қосу», ойлануға 30 секунд беріледі. Әр үш сұрақтан кейін бонус ойнатылады «Үш еселеу», «+200 ұпай», «Уақыт қосу», «Екі еселеу», «-100 ұпай». Ендеше бастайық.

1. Не болуы мүмкін: ұзындығы - 15 см, ені - 7 см және қыз-келіншектерге қатты ұнайтын нәрсе?

- a) Доллар
- b) Алтын
- c) Шкатулка
- d) Себет
- e) Сумка
- f) Косметика

2. Бір қолшатыр астында алты бала, екі ит, төрт ересек қайткен жағдайда су болмайды?

- a) қолшатыр болмаса
- b) ауа райына байланысты
- c) егер жауын жаумаса
- d) секірген кезде
- e) қолшатыр тесік болмаса
- f) үйдің ішінде болса

3. Үнемі дұрыс айтылмайтын сөз?

- a) Үнемі
- b) Терминдер
- c) өте ұзақ сөз
- d) қате
- e) дұрыс болмайды
- f) **дұрыс емес**

4. Адамның температураны сезбейтін дене мүшесі

- a) жүрек
- b) алақан
- c) тырнақ
- d) тіс
- e) **көз**
- f) бауыр

5. Ит неліктен басын шайқайды?

- a) еркелеу үшін
- b) ұйқысы келгендіктен
- c) демалу үшін
- d) **дауысты жақсы есту үшін**
- e) басы қышығандықтан
- f) ойлану үшін

6. Windows сөзінің қазақша аудармасы

- a) аймақ
- b) жұмыс үстелі
- c) **терезе**
- d) жеңіс
- e) тінтуір
- f) операция

7. Жыпылықтап тұратын тік сызықша

- a) тышқан
- b) **мензер**
- c) пернетақта
- d) смайлик
- e) gif формат
- f) пуск

8. Компьютерден өшірілген құжаттар сақталады

- a) **себет**
- b) құжаттар
- c) деректер
- d) компьютер
- e) телефон
- f) флешка

9. Алғашқы есептеу құрылғысы

- a) **саусақ**
- b) есепшот

- c) таяқша
- d) компьютер
- e) калькулятор
- f) тастар

10. Ыстық суда қандай стакан көбірек жарылып сынады? Қалыңы ма? Жұқасы ма?

- a) **Қалыңы**
- b) Жұқасы
- c) Екеуіде сынбайды
- d) Екеуіде сынады
- e) Ыссы суға салуға болмайды
- f) Дұрыс жауабы жоқ

11. Кім барлық тілде сөйлейді?

- a) Адам
- b) Аң
- c) Жәндік
- d) Құс
- e) **Жаңғырық**
- f) Ешкім

12. Теңізде қандай тастар табылмайды?

- a) Су
- b) **Құрғақ**
- c) Ешқандай тас болмайды
- d) Барлық тас су болады
- e) Дұрыс жауабы жоқ
- f) Барлық тас болады

13. Бір баланың жасы үш жылдан соң бұрынғы жасынан екі есе артық болады. Ол қанша жаста?

- a) **Үш**
- b) Төрт
- c) Бес
- d) Алты
- e) жеті
- f) сегіз

III кезең «Полиглот». Бұл кезеңде жұмбақтар қойылады. Жауабын үш тілде қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде айту керек. 5 жұмбақ қойылады, соңғы жұмбақ ортақ. Әр дұрыс жауапқа 100 ұпай.

1. Білімнің жолбасшысы

Шәкірттің қолбасшысы

(мұғалім – учитель – teacher)

2. Жіпке ілдім мен өзім,

Кіп кішкентай күн көзін

(шам – лампочка – lamp)

3. Жұқа тақтай бөлшегі

Ұзындықтың өлшемі

(сызғыш – линейка – ruller)

4. Төрт қырлы өзі аппақ,

Тақтадағы ізі аппақ

(бор – мелъ – chalk)

5. Үй ішін аралап, түнде көп жортады,

Қаптарды тесіп, мысықтан қорқады

(мышқан – мышъ – mouse)

Қорытынды: Олай болса сайысымыздың бөлімдері аяқталды.

Жеңімпаздарды анықтайық.

Біреу озса сайыста, біреу артта қалады.

Ренжімей тараса, озбағандар жарады.

Жарыс заңы ежелден жеңімпазды анықтау,

Озат болу шарты сол-еңбектену, жалықпау -деп топтардың ұпай санын анықтап, әділ қазыларға сөз береміз.

Жеңімпазымызды бүгінгі жеңісімен құттықтай отырып, барлық қатысушыларға биіктен көріне берулеріне тілектеспіз. Келесі кездескенше қош сау болыңыздар!